

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы  
(бұдан әрі – Қоғам) акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының  
материалдары  
2018 жылғы 15 қазан, 10 сағат 00 минут**

**Жиналыстың күн тәртібі:**

Қоғамның жарияланған акцияларының санын ораналастырылған жай акцияларының санын көбейту арқылы (Қоғамның сатып алған жай акцияларының есебінен) көбейту.

**Қоғамның жарияланған акцияларының санын ораналастырылған жай акцияларының санын көбейту арқылы (Қоғамның сатып алған жай акцияларының есебінен) көбейту.**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 103-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

2018ж.19.09 жағдай бойынша Қоғамның жарияланған және орналастырылған жай және артықшылықты акцияларының саны, тиісінше, 70 220 935 және 4 136 107 акцияны құрайды. Көрсетілген күндегі жағдай бойынша Қоғам сатып алған жай және артықшылықты акцияларының саны, тиісінше – 14 261 778 және 2 634 461 дана<sup>1</sup>

2017 жылғы 8 желтоқсандағы Айналымдағы барлық ауқымды депозитарийлік қолхаттарды (бұдан әрі – АДҚ) сатып алу бойынша тендерлік ұсынысты (бұдан әрі – Тендерлік ұсыныс) іске асыру нәтижесінде, Қоғам 135 454 910 ГДР (2018 жылғы 18 ақпандағы жағдай бойынша Қоғам иелік еткен АДҚ есептемегенде, барлық шығарылған АДҚ-нің 98,7 проценті) және 336 584 жай акцияны сатып алды.

Тендерлік ұсыныс аяқталғаннан кейін, 2018 жылғы 10 мамырда АДҚ Лондондық қор биржасының (бұдан әрі – ЛҚБ) биржалық тізімінен алынып тасталды және ЛҚБ-ның негізгі нарығындағы АДҚ бойынша сауда-саттық өтпеді және осы күні Компанияның жай акциялары мен АДҚ «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми тізімінен алынып тасталды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қоғамның шаруашылық жүргізетін дербес субъект ретіндегі қызметін одан әрі тоқтату бойынша

<sup>1</sup> Қолданыстағы заңнаманың ережелеріне сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу күні осы сан өзгерген жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысына тиісті деректер берілетін болады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жоспарларына сәйкес, қазіргі уақытта Қоғам Қоғамның сатып алынған бағалы қағаздарын «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-та ескеру үшін, Қоғам сатып алған АДҚ-ны жай акцияларға айрбастауды және оларды эмитенттің дербес шотына аударуды және кейін депозитарийлік бағдарламаны жабуды жоспарлап отыр. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының акционерлік қоғам сатып алатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санынан 25%-тен аспауы тиіс екені туралы 28-бабының 1-тармағының талаптарын сақтау мақсатында, Қоғам орналастырылған жай акциялардың (Қоғам сатып алған жай акцияларды есептемегенде) санын ұлғайту арқылы жарияланған акциялардың санын ұлғайту қажет (бұдан әрі – жай акцияларды санын ұлғайту)<sup>2</sup>.

Депозитарийлік бағдарламаның жабылуын, сондай-ақ ҚМГ БӨ осы сәтте іске асырып жатқан айналымдағы артықшылықты акциялардың 100%-не дейін сатып алу бағдарламасын ескере отырып, 24-ке 1 (бір) коэффициентімен орналастырылған жай акциялардың санын ұлғайту ұсынылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдаған жағдайда, Қоғамның жарияланған акциялардың саны 1 361 417 653 (бір миллиард үш жүз алпыс бір миллион төрт жүз он жеті мың алты жүз елу үш) акция болады, оның ішінде:

- жай акциялар – 1 357 281 546 (бір миллиард үш жүз елу жеті миллион екі жүз сексен бір мың алты жүз елу үш);
- артықшылықты акциялар – 4 136 107 (төрт миллион бір жүз отыз алты мың бір жүз жеті) дана.

Қоғам тиісті өзгерістерді Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне енгізетін болады.

Орналастырылған жай акциялардың (Қоғам сатып алған жай акцияларды есептемегенде) санын ұлғайту арқылы Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту базалық активі Deutsche Bank Trust Company Americas жүйесінде, Қоғамның жай акциялары болып табылатын Қоғамның 1 АДҚ-ға шақанда, Қоғамның жай акцияларының ара қатынасының өзгеруіне және Депозитарийлік келісімге тиісті өзгерістердің енгізілуіне әкелетінін қосымша атап өтеміз.

**Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына мынадай шешім шығарылып отыр:**

**1. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-тың жарияланған жай акцияларының (Қоғам сатып алған 14 261 778 (он төрт миллион екі жүз алпыс бір мың жеті жүз жетпіс сегіз) санындағы жай акцияларды есептемегенде) саны 24**

<sup>2</sup> «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының 1-бабының 1-тармағының 21-тармақшасына сәйкес, АДҚ туынды бағалы қағаздар болып табылады және тіркеуші олар эмитент сатып алған акциялардың жалпы санында ескерілмейді

(жиырма төртке) 1 (бір) пропорциясында Қоғамның орналастырылған жай акцияларының жалпы санын 55 959 157 (елу бес миллион тоғыз жүз елу тоғыз мың бір жүз елу жеті) данаға дейін ұлғайту арқылы 1 357 281 546 (бір миллиард үш жүз елу жеті миллион екі жүз сексен бір мың бес жүз қырық алты) данаға дейін ұлғайтылсын. Қоғамның орналастырылған жай акцияларының (Қоғам сатып алған жай акцияларды есептегенде) саны ұлғайтылғаннан кейін, Қоғамның жарияланған жай акцияларының жалпы саны 1 361 417 653 (бір миллиард үш жүз алпыс бір миллион төрт жүз он жеті мың алты жүз елу үш) акция болады, оның ішінде:

- жай акциялар – 1 357 281 546 (бір миллиард үш жүз елу жеті миллион екі жүз сексен бір мың алты жүз қырық алты);
- артықшылықты акциялар – 4 136 107 (төрт миллион бір жүз отыз алты мың бір жүз жеті) дана.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындай барлық қажетті шараларды қабылдасын.